

**ҰЛЫТАУ ОБЛЫСЫ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСЫНЫҢ
ХАТТАМАСЫ № 17**

**Жезқазған қ.
19.07.2023
сағат 11.00**

Облыстық қоғамдық кеңесінің кезектен тыс отырысы оффлайн форматта өтті. Отырысты ОҚК төрағасы **Бегенов Б.Ж.** ашып жүргізді.

Отырысқа төмендегі қоғамдық кеңес мүшелері: **Маткенов М.К; Мукеева А., Токишова А., , Ахмет А.; Дүйсенов Б., Бекмағанбетов М.Е, Бакиров. Б, Хамитов М.И, Оспанов С.Ж; Ізтөлеуов Д.Д. ,** қатысты.

Белгілі себеппен қатыспаған: Тұрлыбек А.; Абжаппаров А. М.

Сонымен қатар отырысқа барлық бюджеттік бағдарламалар әкімшілері қатысуда. / тізімі хаттамаға тіркелген/

Бегенов Б.Ж: Сәлеметсіздер ма құрметті әріптестер, жиынға қатысушылар. Бүгінгі кезектен тыс отырысымызды бастаймыз. Отырысқа бюджеттік бағдарламалар әкімшілері қатысуда. Күн тәртібінде— ол 2023 жылға арналған облыстық бюджетті нақтылау. Баяндаушы – Облыстық қаржы басқармасының басшысы Смағұлов Кенгірбай Қоңырович.

Сөз сізде.

Смағұлов К.К – Облыстық бюджетті нақтылау меншікті кірістер жоспарын арттыру есебінен, ішкі ауысым және бюджет қаражатының бос қалдықтары есебінен жүргізіледі. Бағытталатын жалпы қаражат көлемі **5 млрд 750 млн 146 мың** теңгені құрайды. Оның ішінде :

Салықтар түсімі- 2 млрд 702 млн 143 мың тг;

Салықтық емес түсімдер - 390 млн тг ;

Бюджет қаражаттарының бос қалдықтары – 600 млн тг;

Ішкі ауысым және бюджетке қайтарылатын қаражаттар – 2 млрд 041 млн 003 мың тг;

Жалпы бюджетті нақтылауға бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінен **9 млрд 962 млн 744 мың** теңгеге бюджеттік өтінім келіп түсті. Бюджеттік заңнама талаптарын ұстана отырып жалпы соммасы **4 млрд 212 млн 598 мың** теңге құрайтын бюджеттік өтінім кері қайтарылды.

Бегенов Б – жақсы. Кенгірбай Қоңырович бізде есеп бар. Сұрақтарға көшейік.

Бекмағанбетов М- негізі арт-спортқа дұрыс көңіл бөлінбеген. Одан бөлек спорт нысандарын күтіп ұстауға мүлдем қаражат жоқ. Өзіміздің балаларды неге спортқа бауыламыз? 53 млн археологиялық қазбаларға қарастырылған. Нақты қай жер? Қарсақпай зауытының 95 -жылдығына қандай іс-шара өткізесіздер?

Ахмет А – Теректідегі мектеп сол бойы салынып біткен жоқ. Ол жаққа Мәжіліс депутаттары да барып қайтты. Кенгір ауылында бала - бақшаны салынады дегендері қашан.

Бәкіров Б – балаларға қыста футбол ойнайтын жер жоқ.

Хамитов М- ұлттық спортқа еш көңіл бөлінбейді. Мысалға садақ атудан. Мейірімхан Төре деген жаттықтырушы бар, ол кісіде жаттығатын жер жоқ.

Тулекова С- Теректідегі мектеп жөндеуден өтеді. Кәзір құжаттар рәсімделіп жатыр.

Омар Ә- Қарсақбайдың 95-жылдығына байланысты іс-шаралар өтеді. Біздің басқарма арнайын жоспар құрған.

Бірәліқызы Г – Кенгірдегі бала -бақшаға қатысты құжаттар жасалып жатыр.

Жандарбеков А – «Ұлытау Зеленстрой» мекемесін ашуға бізге үлкен қаражат керек. Арнайы көліктер сатып алу үшін, әр қайсысына 2 млрд теңге жұмсалады. «Қазақмыс» Корпорациясы 44 жобаны іске асырған жоқ. Оның 19 құрылыспен байланысты.

Бегенов Б – Тамыз айында Облыстық Қоғамдық Кеңес Қазақмыспен кездесуді жоспарлап отыр. Сол кезде сіздерді де шақырайық. Қандай претензияларыңыз бар, соны дайындаңыздар Алмас мырза.

Құрметті жиынға қатысушы мырзалар мен ханымдар. Әріптестер!

Алып қосарларыңыз бар ма? Жок болса дауысқа салайық.

1. Кім қолдайды- 11
2. Кім қарсы – 0
3. Кім қалыс қалды? -0

Жаксы. Кенгірбай мырза. 2023 жылға арналған облыстық бюджетін нақтылау, Ұлытау облысының қоғамдық кеңесінің мүшелері бір ауыздан сын ескертпесіз қабылдады. Істеріңізге сәттілік. Сау болыңыздар! Біз отырысты жалғастырайық.

Әріптестер! Сіздерге бірнеше Құқықтық нормативтік актілер берілді. Алып қосарларыңыз бар ма? Жок болса дауысқа салайық.

1. Кім қолдайды-11
2. Кім қарсы –0
3. Кім қалыс қалды? -0

Сонымен қатар, осы жұма- 21 шілдеде «Аманат» партиясының филиалында, тұрақты комиссия мүшелері халықпен кездесу өткізесіздер. Естеріңізге сала кетейін, міндетті түрде есеп, содан соң хаттама жазуға міндеттісіздер. Әрі қарай мен хатшыға тапсырма берем, жауапты мекемелерге хат жолдаймыз.

Айта кетейін, өткенде 16 маусымдағы кездесудің әлі хаттамасы не есебі жок. Негізі бір хат Рановаға, біреуі Орынбаевка жолданды. Оның өзі әбден кешігіп бердік. Бұндай жағдай енді қайталанбауы қажет.

Содан соң, Қарсақпай, Жездіге барғандағы кездесуге байланысты комиссия мүшелері белсенділік танытпадыңыздар!

Ол да дұрыс емес әріптестер! Жұмысты жандандыру қажет. Ақыры қоғамдық кеңестің құрамына кірдіңіздер ма, бірігіп жұмыс атқарайық. Өз қолымнан не келеді жасап жатырмын! Бауыржан Шингисовка, Берік Әбдіғалиұлына кіріп отыратын кабинет алдым. Енді сессияда қалған жихаз, орындық, холодильникке дейін тапсырыс бердік.

Әріптестер! Бізге халық қарап отыр.. Ел мүдесі үшін аянбай, ерінбей, бірігіп қызмет атқарайық. Қайталайын, бізді зорлап ешкім әкелген жок. Келісіп алайық! Заңда көрсетілгендей, қатарынан 3 рет Қоғамдық кеңес отырысана қатыспаған кеңес мүшелері, автоматты түрде мүшеліктен шығарылады. Сонымен қатар, тұрақты комиссия тұрақты түрде жұмыс жасап жатқан жок. Бүгінгі күнге дейін еш қандай мардымды жоспар түспеді.

Айта кетейін. 1 миллион тенге қаражат әлі біздің тарапымыздан экспертке жұмсалған жок. Ертең әрең қолымыз жеткен қаражат бюджетке игерусіз қайтарылады. Ескертіп қояйын! Жылдың аяғында ҚК тұрақты комиссияларының есебі тыңдалады. Үлкен дөңгелек стөл өткізіліп барлық БАҚ шақырылады. Сол кезде халықтың алдында ұятқа қалмайық. Сіздер дайын болдыңыздар, болмадыңыздар, маған қызықсыз. Халыққа қалай жұмыс жасағанымызды жасамағанымызды көрсету міндет.

Сонымен қатар, алдында бірнеше рет көтерілген мәселеге тағыда тоқталып кетейін. Бізде комиссия жұмыстарын дұрыс жолға салып, ісімізді жандандыру үшін, Қоғамдық кеңестің қатарын ұлғайту қажет. Кәзір бізде 13 мүше бер. Тағыда 13 адам қатарымызға қосылу керек. 1 адам резервте. Сонда 12 адамға байқау өткізуіміз керек. 1 тамаздан бастап жариялайық.

Бекмағанбетов М - Өте дұрыс. Келісем. Бізге технарлар керек.
Бегенов Б - Дауысқа салайық.

1. Кім қолдайды-11
2. Кім қарсы –0
3. Кім қалыс қалды? -0

24 шілдеден бастап хатшы - Светлана Кемеловна еңбек демалысына шығады. Дегенмен , жұмыс тоқтамайды. Бұл кісі әр дайым байланыста болады, еңбек демалысының жартысын ғана алады. Өйткені атқаратын жұмыс көп.

Келесі жиынды амандық болса тамыздың 8, 9- на қояйық. Әлі де хабарласып отырамыз .

Сау болыңыздар!

Ұлытау облысының
қоғамдық кеңесінің төрағасы

Б. Ж. Бегенов

Ұлытау облысының
Қоғамдық кеңесінің хатшысы:

С.Оңғарбаева

ТІЗІМ

19 шілде 2023 жыл
11.00 сағ.
10 қабат, үлкен зал

- | | |
|---|--|
| 1. Жайлыбаев
Абзал Әліпұлы | облыс әкімі аппаратының басшысы |
| 2. Әйтенев
Алмат Қойшығараұлы | мемлекеттік сатып алу басқармасының
басшысы |
| 3. Әбдікер
Әбусағит Түгелбайұлы | ветеринария басқармасының басшысы |
| 4. Орынбаев
Нұржан Серікұлы | жұмыспен қамтуды үйлестіру және
әлеуметтік бағдарламалар
басқармасының басшысы |
| 5. Әлменов
Талғат Сәруарұлы | мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау
басқармасының басшысы |
| 6. Муталипов
Дидар Мағауияұлы | дене шынықтыру және спорт басқарма
басшысы |
| 7. Бегаев
Жомарт Сабитұлы | жолаушылар көлігі және автомобиль
жолдары басқармасының басшысы |
| 8. Жандарбеков
Алмаз Әлімбекұлы | энергетика және тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық басқармасының басшысы |
| 9. Имантүсіпов
Қуат Анасұлы | табиғи ресурстар және табиғат
пайдалануды реттеу басқармасының
басшысы |
| 10. Мұқан
Дархан Қабылдашұлы | қоғамдық даму басқармасының басшысы |
| 11. Ставицкая
Виктория Александровна | экономика басқармасының басшысы |
| 12. Омар
Әнуар Серікбайұлы | мәдениет, тілдерді дамыту және мұрағат
басқармасының басшысы |
| 13. Мутаев
Қайрат Меңдібайұлы | ауыл шаруашылығы және жер
қатынастары басқармасының басшысы |
| 14. Смагулов
Кеңгірбай Қоңырұлы | қаржы басқармасының басшысы |
| 15. Төлегенов
Дулат Рашидұлы | Дін істері басқармасының басшысы |
| 16. Төлекова
Сапура Сейдуәліқызы | білім басқармасының басшысы |
| 17. Арынғазин
Данияр Манатжанұлы | кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы
басшысының м.а.
(Төлеуов F.A. еңбек демалысында) |

18. Ниязова
Сабина Сабырқызы денсаулық сақтау басқармасы
басшысының м.а.
(Ранова Л.Н. еңбек демалысында)
19. Бралинова
Гульназия Бірәліқызы құрылыс, сәулет және қала құрылысы
басқармасы басшысының м.а.
(Әлімжан Ж.Ә. еңбек демалысында)
20. Боранқұл
Нұртілек Мылтықбайұлы еңбек инспекциясы басқармасы
басшысының м.а.
21. Янабаев Ерлан Жумаевич Ұлытау облысының цифрлық
технологиялар басқармасы басшысының
м.а.

2023 жылға арналған облыстық бюджетті нақтылау туралы баяндама

Құрметті Бауыржан Жаппасұлы!
Құрметті кеңес мүшелері!

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес «2023-2025 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» Ұлытау облысы мәслихатының 2022 жылғы 14 желтоқсандағы № 12/84 шешіміне өзгерістер енгізіледі. Нақтыланатын бюджет жобасы алдын-ала бюджеттік бағдарламалар әкімшілерімен келісілді.

Облыстық бюджетті нақтылау меншікті кірістер жоспарын арттыру есебінен, ішкі ауысым және бюджет қаражатының бос қалдықтары есебінен жүргізіледі. Бағытталатын жалпы қаражат көлемі **5 млрд 750 млн 146 мың теңгені** құрайды. Оның ішінде:

салықтық түсімдер – 2 млрд 702 млн 143 мың тг (жеке табыс салығы – 849 млн 643,0 мың тг (қазіргі жоспар 17,9 млрд тг, нақтыланған жоспар 18,8 млрд тг), әлеуметтік салық – 302 млн 500 мың тг (қазіргі жоспар 13,3 млрд тг, нақтыланған жоспар 13,6 млрд тг), қоршаған ортаға жағымсыз әсер еткені үшін төлемақы – 1 млрд 550 млн тг (қазіргі жоспар 5,5 млрд тг, нақтыланған жоспар 7,1 млрд тг)

салықтық емес түсімдер – 390 млн тг (қазіргі жоспар 1,0 млрд тг, нақтыланған жоспар 1,4 млрд тг) (тарихи шығындарды өтеу бойынша төлем – 136 млн тг, полиция департаментімен салынатын айыппұлдар – 126 млн тг, сот орындаушыларымен, сот қызметкерлерімен салынатын айыппұлдар – 50 млн тг, облыстың коммуналдық меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер – 13 млн тг),

бюджет қаражатының бос қалдықтары – 600 млн тг,
ішкі ауысым және бюджетке қайтарылатын қаражаттар – 2 млрд 041 млн 003 мың тг (облыстық тұрақтандыру қорын

қалыптастыруға бөлінген қаржыдан – 1 млрд тг, автокөлік жолдарын жөндеу және күтіп ұстаудан – 214 млн 534 мың тг, жергілікті атқарушы органның резервінен – 223 млн 329 мың тг, онкологиялық аурухана ғимаратын күрделі жөндеуден – 147 млн тг.)

Жалпы бюджетті нақтылауға бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінен **9 млрд 962 млн 744 мың теңгеге** бюджеттік өтінім келіп түсті. Бюджеттік заңнама талаптарын ұстана отырып жалпы сомасы **4 млрд 212 млн 598 мың теңге** құрайтын бюджеттік өтінім кері қайтарылды.

Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері бойынша келесідей қаражаттар бағытталады:

1. Білім басқармасы – 381,0 млн тг

Сәтбаев қаласының мектепке дейінгі және жалпы білім беру ұйымдарының қарыздарын өтеуге – 111 млн 985 мың тг,

«Мамандығым – болашағым» жобасын жүзеге асыруға – 50 млн тг,

Әлеуметтік осал топтағы балаларды ыстық тамақпен қамтамасыз етуге қосымша қаржы – 42 млн 092 мың тг,

Ұлытау ауданы әкімдігінің ЖОО арналған гранты – 40 млн тг.

2. Мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы – 458,6 млн тг

Мәдениет саласы бойынша артспорт – 160 млн тг, ✓

С.Қожамқұлов атындағы музыкалық драма театры музыкалық және жарық жабдықтарын сатып алуға – 147 млн 140 мың тг,

Т.Қалмағанбетов атындағы филармонияға музыкалық жабдықтар сатып алуға – 72 млн 592 мың тг.

3. Дене шынықтыру және спорт басқармасы – 442,7 млн тг

Сәтбаев қаласының балалар мен жасөспірімдер спорт мектебіне – 222 млн 500 мың тг, ✓

2 спорт мектебін ашуға – 57 млн 943 мың тг,

Спорт нысандарының инженерлік жүйелерін ағымдағы жөндеу – 54 млн 444 мың тг,

Әлеуметтік тапсырыс шеңберінде спорттық іс-шаралар ұйымдастыруға – 36 млн тг.

4. Құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы – 674,8 млн тг

Ұлытау ауданы, Ұлытау ауылындағы «Рәміздер» алаңы», құрылысына – 300 млн тг,
Сәтбаев қаласындағы 320 орындық балабақша құрылысын аяқтауға – 186 млн 652 мың тг.
Облыстық жиын пункті мен модульді типтегі әскери қалашық құрылысының жобалау-ізвестіру жұмыстарына – 80 млн 905 мың тг.

5. Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасы – 1 млрд 656,6 млн тг

Сәтбаев қаласындағы №8 шағын ауданнан коллекторға дейін шаруашылық-нәжіс тазарту құрылыстары жобасына – 1 млрд тг,

Жезқазған қаласының шаруашылық-ауыз су тазарту ғимараттарын реконструкциялау, 3 кезек – 250 млн тг,
Жәйрем кентінің кәріз жүйелерінің реконструкциясына – 200 млн тг,

Жезқазған қаласының су бұру жүйелерін реконструкциялау – 100 млн тг,

Жезқазған қаласында 2 жылу қазандығының құрылысына жобалық-сметалық құжаттама дайындауға – 50 млн тг.

6. Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы – 431,2 млн тг

«Сәтбаев-Малшыбай-Жошыхан» автокөлік жолының құрылысына – 300 млн тг,

Облыс ішіндегі қалааралық автобус маршруттарын субсидиялау – 122 млн 259 мың тг.

7. Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы – 150,8 млн тг

Облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының ведомстволық бағынысты мекемелерін материалдық-техникалық қамтамасыз етуге – 144 млн 025 мың тг.


8. Цифрлық технологиялар басқармасы – 478,6 млн тг

«Қауіпсіз қала» жобасы аясында көшелерде бейнебақылау камераларын орнату – 259 млн 659 мың тг,

Цифрлық технологиялар басқармасының жобаларына – 109 млн 376 мың тг.

9. Облыс әкімінің аппараты – 591,9 млн тг
*Әкімдіктің мәжіліс залына бейнеконференц байланысы құралдарын сатып алу және орнату – 192 млн тг,
 Экономикалық тергеп-тексеру департаменті ғимаратын жөндеу – 162 млн 476 мың тг,
 Әкімдік ғимаратын ағымдағы жөндеу – 113 млн 355 мың тг.*
10. Полиция департаменті – 69,2 млн тг
Жаппай бейнебақылау – 50 млн тг. ✓
11. Облыс мәслихатының аппараты – 44,7 млн тг,
 12. Қаржы басқармасы – 18,3 млн тг,
 13. Мемлекеттік сатып алу басқармасы – 2,0 млн тг,
 14. Экономика басқармасы – 16,8 млн тг,
 15. Кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы – 8,9 млн тг,
 16. Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы – 10,7 млн тг,,
 17. Еңбек инспекциясы бойынша басқарма – 3,1 млн тг,
 18. Қоғамдық даму басқармасы – 13,8 млн тг,
 19. Ветеринария басқармасы – 2,9 млн тг,
 20. Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы – 3,3 млн тг,
 21. Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасы – 6,8 млн тг,
 22. Дін істері басқармасы – 59,5 млн тг,
 23. Тексеру комиссиясы – 13,7 млн тг,
 24. Төтенше жағдайлар департаменті – 9,3 млн тг.

**Ұлытау облысының
 қаржы басқармасының
 басшысы**



К.Смагулов